

Список литературы:

1. Доман Г. Как развить интеллект ребенка. – М.: «Аквариум», 1998.
2. Доман Г. Как дать ребенку энциклопедические знания. – М.: «Аквариум», 1996.
3. Маниченко Г. Основы методики Г. Домана по интеллектуальному развитию ребенка. – М.: ЦРР «Умница», 2008.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЗЕТТІЛІГІ БАРБАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Омар Б.С., Магина И.Н.

№ 53 «Алмагүл» балабақшасы, Қарағанды қ.

Қазақстан Республикасының білім беру саясаты мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру мен оқытуға, мектепке дайындалудағы үздіксіздік пен сабақтастықты қамтамасыз ететін бағдарламаларға үлкен мән береді. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты-бұл мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын құрудағы негізгі норматив болып саналатын құжат.

Білім беру мазмұнына қатысты талаптар мен тәрбиеленушілердің ең жоғары апталық жүктемесін анықтаудан өзге, Стандартта тәрбиеленушілер мен оқушыларды дайындау деңгейіне қатысты талаптар ұсынылған. Бұл талаптар мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру мен оқытудағы білікті оқыту тәсілдемелеріне негізделген.

Мектепке дейінгі балалық шақ - бұл жалпы тұлғаның анағұрлым қарқынды танымдық даму кезеңі. Егер баланың ақыл-ойы мен эмоционалдық әлеуеті мектеп жасына дейінгі шағында лайықты дәрежеде дамымаса, онда оны толық көлемде жүзеге асыруға еш мүмкін болмайды. Бірақ біздің мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің құрамы біркелкі емес және қалыпты дамыған балалардың арасында ерекше білім қажеттілігі бар балалар да бар.

Бір қарағанда, психикалық дамуы кешеуілдеген мектеп жасына дейінгі балалар құрбы-құрдастарынан соншалықты ерекшеленбейді. Ата-аналар өз балаларының өз бетінше тым кеш жүре бастағанына, заттарды кеш ұстағанына, оның тілінің кеш шығуына мән бере қоймайды. Шамадан тыс қозғыштық, зейіннің тұрақсыздығы, тез шаршағыштық, алдымен мінез-құлық деңгейінде және оқу жоспарындағы тапсырмаларды орындау барысында байқалады.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балалардың МДҰ бағдарламаларын меңгерудегі айқын проблемалар мыналар болып саналады: балалар материалды дұрыс қабылдамайды, сабақта белсенді емес, көңілі әр нәрсеге алаңдаулы. Танымдық даму деңгейі мөлшермен салыстырғанда, анағұрлым төмен болып келеді.

Мектептегі оқудың басындағы клиникалық көрініс анағұрлым айқын бола түседі. Мектеп бағдарламаларын меңгеруде көптеген күрделі мәселелер туындайды, көптеген балалар сабаққа үлгермейді, олар барлық үлгерімі төмен мектеп оқушыларының 50% жуығын құрайды. Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларға тән негізгі белгі-танымдық даму деңгейінің төмен болуы. Сондықтан да, ЕБҚ балалары бар біздің мектепке дейінгі ұйымда жеке дамытушылық бағдарламаларды құруға мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін дамыту мәселелеріне ерекше назар аударады.

ЕБҚ бар мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру мен оқытудың Типтік арнайы бағдарламаларында танымдық құзыреттілік көрсеткіштеріне (МЕМСТ талаптарына сәйкес әзірленген) мыналар жатқызылған: заттардың қасиеттерін білу; қоршаған ортаны тану; құрастырым дағдылары; экологиялық мәдениет негіздері; қарапайым математикалық түсініктер; ізденім және эксперименттік іс-әрекет; ақпаратпен жұмыс.

ЕБҚ бар баланың танымдық құзыреттілігін қалай қалыптастыруға болады, себебі, танымдық саласының ерекшеліктері бар бұл санаттағы балалардың тек өздеріне тән ерекшеліктері бар - ақыл-ой, эмоциялық және тұлғалық салаларда ауытқу байқалады. Осыған байланысты ЕБҚ бар балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет: балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, олардың ақыл-ойының даму деңгейін арттыру, оқу іс-әрекетін тұрақтандыру, эмоционалдық-тұлғалық даудағы кемшіліктерді түзету, әлеуметтік бейімделу.

Біз танымдық құзыреттілікті қалыптастыру ҰОҚ мақсаттары мен балалардың реттелмеген іс-әрекеті құзыреттілік жиынтығын қалыптастыруға, және соның барысында байқау, тексеру, жағдайлар мен жұмыс әдістері ойын және ҰОҚ барысын танудағы тұрақты ынтаны қалыптастыруға бағытталса тиімді болады деп санаймыз. ЕБҚ бар балалардың танымдық құзыреттілігін

калыптастырудың мәні білім санының өсуі ретінде емес, балалардың айналадағы әлемді тануын, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, оның сарқылмас ағынына бейімделуіне, оның әртүрлі дереккөздерден шығу білігінің қалыптасуы, оның әртүрлі тасымалдаушыларды білім мақсатында қолдануы және жүзеге асыруы, өз тағдырын меңгеруіне қолдау көрсету ретінде қарастыру керек.

ЕБҚ бар балалар білімді, көбінесе жеке қызығушылықсыз, мәнін түсінбей қабылдайды, жеке дербес іс-әрекетінде алған білімдерін қолдана алмайды және оларды қалай қолдану керектігін білмейді және оларды әрі қалай іздемейді. Біз білім құмарлықты дамыту үшін, табиғи танымдық белсенділікті, өз бетінше ақыл-ой-танымдық есептерді анықтау және шешу қабілетін қолдау үшін қандай әдістер мен тәсілдерді қолданамыз? Мысалы, оқу жылының басында балалардың білім құмарлығын дамыту үшін топта Арман тотықұсы пайда болды. Оның пайда болуы балалардың оны күтуіне, оған тамақ беруіне, ол ауырмауы үшін оған қамқор болуларына ықпал етті. Осы үдерісте балалар тотықұстың тіршілік етуі туралы білім алуы және қажетті тәжірибелік дағдыларды меңгеруі қажет болды. Сондықтан да, танымдық белсенділікті дамыту бойынша мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізілді: ата-аналар бізбен бірге балаларға қажетті әдебиетті оқи бастады, теле бағдарламаларды көрді, хайауанаттар бағына барды, өзара білімдерімен белсене бөлісті. Осылайша, «Жас натуралистер» үйірмесі пайда болды, онда біздің тәрбиеленушілер де, олардың жанұясы да (ата-аналар, аталары, әжелері, ағалары мен әпкелері) қатысады.

Әсіресе, ойын технологиясының пайдасы зор. Сюжетті-рөлдік, дидактикалық, үстел-баспа және компьютерлік ойындар айналадағы болмыс туралы балама түсініктерді қалыптастырады, мұны олар шынайы өмірде өз бетінше қолдана алады. Мысалы, балаларды «Отбасы» сюжеттік-рөлдік ойынына үйреткеннен кейін балалар анасына көмектесуді үйренді (ыдыс жуу, үстелден қиымдарды сүрту, сыпыру); дамытушылық ойындар баланың әртүрлі заттардың түсін, пішінін және көлемін айыруға, жыл мезгілдерін және т.б. үйретті. Сондықтан да біз баланың дербес іс-әрекетін ұйымдастыруға үлкен мән береміз, ол үшін барлық қажетті жағдайларды жасаймыз: уақыт, орын саны жеткілікті, қажетті ойыншықтар, оқу құралдары мен материалдар да бар. Нәтижесінде, бала өзінің танымдық қызығушылықтарын жүзеге асыра алады және оларды қалыптастыруға үйренеді. Біз баланың дербес ізденіс және танымдық іс-әрекетке тартамыз, әлеуметтік-танымдық тежелушілік феноменін, проблеманы шешуден, өз бетінше танымдық мақсаттарды анықтай алмайтын, оларды жеңу үшін күш-жігер танытпайтын әлеуметтік және тұлғалық жауапкершіліктен қашатын «мәңгілік бала» рөлін еңсеру тек солай ғана мүмкін болады. ЕБҚ бар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін бақылай білу, жекелеген заттардың қасиеті мен сапасын айқындау, сәйкестігін белгілеу, топтамасы бойынша бөлу, алған білімі мен тәжірибесін жаңа жағдайларда қолдану білігін дамытамыз. Бұл үшін біз қарапайым эксперимент ұйымдастырамыз (суды мұзға айналдыру және керісінше және бөлме өсімдіктерінің өсуіндегі су мен күннің маңызын анықтау бойынша тәжірибе және т.б.), табиғатта бақылау жүргіземіз (күзгі жапырақ, құстарға қыста тамақ беру), кеңістіктік және уақыт түсініктерін меңгеру бойынша ойын тапсырмаларын (адамдардың тәулік бойы іс-әрекетін бақылау), өлшеу тәсілдерін (сусымалы денелерді, сұйықтықтарды өлшеу) ұйымдастырамыз. Осылайша, баланың бастан кешірілген жағымды сезімдері: таң қалуы, қуануы, мақтанышы үлкендер тарапынан оң дәреже қабылданса- баланың өз күшіне деген сенімділігі артады, жаңа білім іздеуіне, қолда бар заттарын тексеруге және айқындауға түрткі болады.

Сонымен, мынадай қорытынды жасауға болады, танымдық үдерістерді дамыту бойынша жүйелі әрі бір ізді жұмыс нәтижесінде (бақылау, эксперимент жасау, тәжірибе, жобалық іс-әрекеті) тек психикалық үдерістердің бұзылуын түзетіп қана қоймайды, сонымен қатар ЕБҚ бар балалардың танымдық құзыреттілігінің қалыптасады, ал бұл болса баланың ақыл-ойының дамуындағы ең маңызды компонент және мектепте табысты оқуы үшін өте маңызды болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2016.
2. Бодрова А.В. Мир особого ребенка. Москва, Владос, 2013.
3. Семенова И.И. Особенности развития познавательной сферы детей с проблемами в развитии. Журнал «Специальное образование в Казахстане», №1, 2014г.